

Airba FinTech Сервистерін пайдалану туралы КЕЛІСІМ

Осы Airba FinTech Сервистерін пайдалану туралы Келісім, бұдан әрі «Келісім» немесе «осы Келісім» деп аталып, бұдан әрі «Airba FinTech» деп аталатын «**Airba FinTech**» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 211040004533) мен Келісімде көзделген тәртіппен және шарттарда Келісімге қосылған **Airba FinTech Сервистерін Пайдаланушылар** арасында, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталып, Airba FinTech Сервистерін пайдалану мәселелері бойынша Тараптардың өзара іс-қимылының шарттары мен тәртібін айқындау және Тараптардың жауапкершілік аймағын айқындау мақсатында жасалады.

1. Терминдер мен анықтамалар

Осы Келісімде мынадай ұғымдар (терминдер, анықтамалар) пайдаланылады:

Airba Pay	«Airba Pay» ЖШС, БСН 211140016540 (төлем ұйымы ретінде есептік тіркеуден өткен, тіркеу нөмірі 02-21-114), Бағдарламалық жасақтама арқылы Пайдаланушылар мен Жеткізушілер бастамашылық жасаған төлемдерді өңдеу бойынша, сондай-ақ Тауарларды төлеу және/немесе қайтару кезінде туындайтын төлемдерді және (немесе) аударымдарды жүзеге асыру үшін қызмет көрсетуші банкке қажетті ақпаратты беруде төлем қызметтерін көрсетуші. «Airba Pay» ЖШС-нің жеке тұлғаларға «airbapay.kz» жүйесінде төлем жасау, аудару және (немесе) төлем алу кезінде өзара іс-әрекетті қамтамасыз етуге бағытталған төлем және ақпараттық-технологиялық қызметтерді көрсетуге жария оферта ашық ұсыныс: https://ecom.airbapay.kz .
Airba FinTech Сервистерін Пайдаланушы немесе Пайдаланушы	Келісімге қосылған, Төлем жасау тәсілдерінің кез келгенін алуға сұрау салуға бастамашылық білдірген және оны алуға әлеуетті мүмкіндігі бар жеке тұлға.
Төлем жасау тәсілі	Пайдаланушының ақша беру тәсілдеріне байланысты Тауардың құнын төлеу бойынша міндеттемелерді орындау түрлерінің бірі.
Бағдарламалық жасақтама	Airba FinTech бұлтты есептеу технологияларын пайдалана отырып әзірлеген, пайдаланушылардың төлем жасаудың бір немесе бірнеше тәсілдерін пайдалануға келіп түскен сұрауларындағы ақпаратты нақты уақыт режимінде автоматты түрде өңдеуді жүзеге асыратын бағдарламалық жасақтама.
Airba FinTech Сервистері	Airba FinTech интеграциялық арналары арқылы Пайдаланушыға төлем жасаудың бір немесе бірнеше тәсілдерін пайдалануға сұрау салуға мүмкіндік беретін Бағдарламалық жасақтама мен қызметтер жиынтығы.
Тауар	Интернет-дүкендер мен электрондық сауда алаңдарын қоса алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы сатылымға ұсынылған және Жеткізуші сататын тауарлар/қызметтер/жұмыстар.
Жеткізуші	Интернет-дүкендер мен электрондық сауда алаңдарын қоса алғанда, Тауарды, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен өткізетін заңды тұлға/жеке кәсіпкер.
Ұйым	Пайдаланушыларға заңды тұлға айқындайтын тәртіппен және шарттарда Төлем жасау тәсілдерін ұсынуға құқығы бар заңды тұлға.

	Ұйымдар туралы ақпарат дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімде (бұдан әрі – Келісім) көрсетілген, Airba FinTech интернет-ресурсында немесе Airba FinTech Сервистерін пайдаланатын үшінші тұлғалардың интернет-ресурстарында орналастырылған.
--	---

– Келісімдегі терминдер мен анықтамалар бас әріппен де, кіші әріппен де, кез келген түрде (жекеше, көпше) және септікте көрсетілуі мүмкін.

2. Келісімге қосылу тәртібі

2.1. Осы Келісім Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын Пайдаланушы осы Келісімде көрсетілген және осы Келісімнің талаптарын толық көлемде акцептеу ретінде бағаланатын іс-әрекеттерді жасау арқылы осы Келісімге қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін.

2.2. Пайдаланушы осы Келісімге Airba FinTech сервистерін пайдалануда көрініс тапқан бағдарламалық жасақтаманы пайдалану арқылы қосылады.

2.3. Пайдаланушының осы Келісімге қосылғанын растайтын іс-әрекеттер жасауы мыналарды куәландырады:

2.3.1. Келісімге қосылған тұлға Келісімнің шарттарын толық көлемде, ешқандай ескертулер мен қарсылықтарсыз оқыды, түсінді және қабылдады;

2.3.2. Келісімде қосылған тұлға үшін өзінің ақылға қонымды түсінілетін мүдделеріне сүйене отырып қабылдамайтындай қандай да бір ауыртпалық тудыратын шарттар жоқ;

2.3.3. егер қосылған тұлға осы Келісімнің 2.2-тармағында көзделген әрекеттерді жасаған болса, мұндай тұлғаның Келісімнің оқылмағанының/түсінілмегенінің/қабылданбағанының дәлелі ретінде Келісімде оның қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқығы жоқ;

2.3.4. Келісімнің барлық ережелері Келісімге қосылған тұлғаның мүдделері мен ерік-жігеріне толық сәйкес келеді.

2.4. Келісімге қосылған тұлға Келісімнің қандай да бір ережелерімен келіспеген жағдайда, аталған тұлғаның Airba FinTech Сервистерін пайдалануға құқығы жоқ. Егер Airba FinTech келісімге өзі көздеген тәртіппен енгізген қандай да бір өзгерістермен Келісімге қосылған тұлға келіспейтін болса, онда мұндай тұлға Airba FinTech Сервистерін пайдалануды тоқтатуға міндетті.

3. Келісімнің мәні

3.1. Airba FinTech Пайдаланушылардың Төлем жасаудың бір немесе бірнеше тәсілдерін алуға сұрау салу арқылы Бағдарламалық жасақтаманың көмегімен жүгіну мүмкіндігін жүзеге асыру мақсатында Airba FinTech Сервистерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

3.2. Пайдаланушы Airba FinTech Сервистерінің көмегімен Төлем жасаудың бір немесе бірнеше тәсілдерін алуға сұрау салуға құқылы. Пайдаланушы Airba FinTech-ке Төлем жасаудың бір немесе бірнеше тәсілдерін алуға сұрау салуды жібере отырып, Airba FinTech интернет-ресурсында немесе Airba FinTech Сервистерін пайдаланатын үшінші тұлғалардың интернет-ресурстарында ұсынылған кез келген Ұйымға Airba FinTech-тің осындай сұрау салуды беруіне/жіберуіне сөзсіз келісімін береді.

3.3. Пайдаланушы осы Келісімге қол қоя отырып, келесі жағдайлармен келіседі:

3.3.1. Пайдаланушы Төлем жасау тәсілдерінің бірін сәтті таңдаған және пайдаланған жағдайда, Airba Pay төлем қызметтерін көрсету арқылы ақша аударады;

3.3.2. Пайдаланушылар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Тауарды Жеткізушіге қайтарған кезде, Airba Pay Ұйымға немесе Пайдаланушыға төлем қызметтерін көрсету жолымен ақшаны толық көлемде қайтаруды жүзеге асырады.

3.4. Пайдаланушы мен Ұйым арасындағы Төлем жасаудың бір немесе бірнеше тәсілдерін ұсыну, ол бойынша ақшаны қайтару, кез келген басқа міндеттемелерді орындау тәртібімен

байланысты қатынастар Ұйыммен тиісті шартпен реттеледі және Пайдаланушы мен Ұйым арасында дербес шешіледі.

3.5. Пайдаланушы Ұйымның Пайдаланушыға Төлем жасау тәсілін беру туралы шешім қабылдау мақсатында Ұйым Пайдаланушыдан шарт жасасу мүмкіндігін айқындау үшін қажетті деректерді ұсынуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де рәсімдерден өтуді талап етуге құқылы екендігімен келіседі.

3.6. Airba FinTech Пайдаланушыларға алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өз қалауы бойынша Airba FinTech ұсынатын Сервистер туралы деректерді, Airba FinTech интернет-ресурсында немесе Airba FinTech Сервистерін пайдаланатын үшінші тұлғалардың интернет-ресурстарында орналастырылған кез келген ақпаратты, сондай-ақ осы Келісімді және оған кез келген қосымшаларды өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

4. Тараптардың жауапкершілік аймағы

4.1. Airba FinTech Ұйым Пайдаланушыға ұсынған Төлем жасау тәсілін беру туралы шарттың талаптары үшін, сондай-ақ Пайдаланушының іс-әрекеті үшін, оның ішінде осындай шарттың талаптарын бұзғаны үшін жауапты болмайды.

4.2. Airba FinTech интернет-ресурсындағы немесе Airba FinTech Бағдарламалық жасақтамасын пайдаланатын үшінші тұлғалардың интернет-ресурстарындағы барлық мәліметтер мен деректер, оның ішінде Төлем жасау тәсілдері туралы ақпарат, оның ішінде оларды беру шарттары, оларды беру мерзімдері, Төлем жасау тәсілін беру туралы шарттар бойынша төлемдердің мөлшері мен мерзімдері, олар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәртібі, қайтару тәртібі, тиісті шарт тараптарының жауапкершілік шаралары ақпараттық мақсатқа ие және Airba FinTech ұсынған жария оферта болып табылмайды.

4.3. Airba FinTech өзінің интернет-ресурсында немесе Airba FinTech бағдарламалық жасақтамасын пайдаланатын үшінші тұлғалардың интернет-ресурстарында орналастырылған ақпарат негізінде ғана Пайдаланушылар қабылдаған шешімдердің нәтижесінде туындаған немесе Пайдаланушының Airba Fintech Сервистерін пайдалануы салдарынан туындаған залалдар, зияндар немесе шығыстар үшін жауапты болмайды. Airba FinTech себебін көрсетпей Пайдаланушының сұрауын қабылдаудан бас тартуға құқылы.

4.4. Пайдаланушы Ұйыммен жасалған шарт бойынша міндеттемелерді Пайдаланушының орындауы үшін дербес жауапты болады. Airba FinTech Ұйыммен жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін Пайдаланушының қаражаты жетіспеген жағдайлар үшін жауап бермейді.

4.5. Төлем жасаудың бір немесе бірнеше тәсілдерін алу үшін Ұйымға Келісім беру және сұрау салу кезінде Пайдаланушы беретін ақпараттың дәлдігіне, растығына және дұрыстығына Пайдаланушы жауапты болады. Пайдаланушы дұрыс емес, қисынсыз немесе көрінеу бұрмаланған деректерді көрсеткені үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

4.6. Airba FinTech Бағдарламалық жасақтаманың дұрыс жұмыс істеуін қолдайды, техникалық ақаулар мен үзілістер болған жағдайда оның жұмысқа жарамдылығын жедел қалпына келтіреді. Алайда Airba FinTech Бағдарламалық жасақтаманың үздіксіз жұмыс істеуіне және жұмыста үзілістер болған жағдайда оның жұмысқа жарамдылығын қалпына келтірудің кез келген мерзімін сақтауға кепілдік бермейді. Airba FinTech Сервистері Пайдаланушылардың талаптары мен үміттеріне сәйкес екеніне/сәйкес келетініне Airba FinTech кепілдік бермейді. Барлық техникалық ақаулар мен Бағдарламалық жасақтама қателері туралы мына электрондық пошта арқылы хабарлау керек: info@airbarau.kz.

4.7. Airba FinTech телекоммуникациялық және энергетикалық желілердегі іркілістер, зиянды бағдарламалардың әрекеттері, сондай-ақ Airba FinTech Бағдарламалық жасақтамасына және/немесе бағдарламалық-аппараттық кешеніне рұқсатсыз кіруге және/немесе істен шығаруға бағытталған үшінші тұлғалардың жосықсыз әрекеттері

салдарынан өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

4.8. Пайдаланушы Airba FinTech Сервистерін пайдалану барысында және/немесе Airba FinTech Сервистерін пайдалану және/немесе осы Келісімді орындау, қандай да бір алаяқтық операциялар және/немесе алаяқтық сипаттағы әрекеттер нәтижесінде жасалған Төлем жасау тәсілін ұсыну туралы шарттарды орындау кезінде Пайдаланушы Airba FinTech көрсеткен мерзімде Airba FinTech-ке Келісімнің осы тармағында көрсетілген операциялармен/әрекеттермен келтірілген залалды өтейді.

5. Дербес деректер

5.1. Пайдаланушы өзінің осы Келісімге қосылу фактісінің Пайдаланушының Airba FinTech, Airba Pay атына, сондай-ақ Airba FinTech және Airba Pay қызметіне байланысты өзге де тұлғалардың атына кез келген тәсілмен, оның ішінде Бағдарламалық жасақтама, Airba FinTech интернет-ресурсы немесе Airba FinTech Сервистерін пайдаланатын үшінші тұлғалардың интернет-ресурсы модульдері арасында, байланыс қызметтерін (пошта, телефон, интернет-байланыс, ұялы және басқа да байланыс түрлері) ұсынатын тұлғалар арқылы дербес деректерін жинауға, сақтауға, өңдеуге, пайдалануға және үшінші тұлғаларға беруге, сондай-ақ әлемнің кез келген елдерінде, оның ішінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етпейтін елдер аумағында дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратуға Келісім беретінін білдіретіндігімен келіседі және растайды.

5.2. Пайдаланушы өзінің осы Келісімге қосылуы Пайдаланушының осы Келісімге № 1 қосымшада келтірілген нысан бойынша Келісімге автоматты түрде қол қоюын білдіретіндігімен келіседі. Airba FinTech Пайдаланушыдан осы Келісімге және Келісімнің осы тармағында көрсетілген Келісімге қол қойылғанын растауды, оның ішінде SMS-хабарламамен жіберілген растау кодын жіберу жолымен және/немесе Пайдаланушының электрондық цифрлық қолтаңбасын қою жолымен және/немесе өзге де жолмен Airba FinTech қалауы бойынша талап етуге құқылы.

5.3. Airba FinTech осы Келісімде және Келісімде аталған мақсаттар үшін мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Пайдаланушылардың кез келген дербес деректерін, оның ішінде трансшекаралық деректерді жинауды, сақтауды, өңдеуді, пайдалануды және беруді жүргізуге құқылы: тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері.

5.4. Airba FinTech субъектілер ұсынатын дербес деректердің өзектілігі мен дұрыстығын тексермейді және, әдетте, тексеруге мүмкіндігі жоқ. Airba FinTech дербес деректер субъектілері ақылға қонымды және адал әрекет ете отырып, сенімді және жеткілікті дербес деректерді ұсынып, оларды өзекті күйде ұстайтындығына сүйенеді.

5.5. Пайдаланушының дербес деректерді жинауға, сақтауға, өңдеуге, пайдалануға және беруге, оның ішінде трансшекаралық беруге, жалпыға қолжетімді көздерде таратуға келісімі Төлем жасау тәсілін ұсыну туралы шарттың қолданылу мерзімін қамтитын жиынтық кезеңнен кем емес мерзімге (Пайдаланушы осындай шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін) және Төлем жасау тәсілін ұсыну туралы шарттың жасалғанын және орындалғанын растайтын құжаттар мен ақпаратты, сондай-ақ оларға ілеспе құжаттар мен ақпаратты сақтау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімге берілген болып есептеледі.

6. Басқа шарттар

6.1. Осы Келісімнің тараптары Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті. Пайдаланушы Airba FinTech Сервистерін пайдалану кезінде, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты кез келген іс-әрекеттерді жасаған кезде заңсыз қаржылық қызметке тікелей немесе жанама

жәрдемдесуді, ақшалай қаражатты заңдастыруды және терроризмді қаржыландыруды және әкімшілік және/немесе қылмыстық жазалануы, Airba FinTech және/немесе Airba Pay және/немесе Ұйым және/немесе Жеткізуші үшін сот талқылауының нысасы болып табылуы және/немесе іскерлік беделін жоғалту қаупін туғызуы мүмкін кез келген басқа да заңсыз операцияларды жүзеге асырмауға міндетті.

6.2. Пайдаланушы өзі таңдаған Бағдарламалық жасақтамаға қол жеткізу құралдарының қауіпсіздігі (болжауға тұрақтылығы) үшін дербес жауапты болады, сондай-ақ оларға қол жеткізу құралдарының, PIN кодтардың, төлем (кредиттік) карталарының нөмірлерінің, парольдердің және өзге де деректердің құпиялылығын дербес қамтамасыз етеді. Пайдаланушы өзінің Бағдарламалық жасақтамаға қолжетімділігі үшін деректерді кез келген талаптарда (оның ішінде шарттар немесе келісімдер бойынша) үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді. Сонымен қатар, Бағдарламалық жасақтама шеңберіндегі немесе оның функционалын пайдалана отырып жасалатын барлық әрекеттерді Пайдаланушының өзі жасаған болып саналады.

6.3. Пайдаланушы Airba FinTech-тің Пайдаланушыға ақпараттық және жарнамалық хабарламаларды, оның ішінде Airba FinTech Сервистерінің құралдарын, SMS-хабарламаларды, электрондық хабарламаларды, байланыстың өзге де түрлерін пайдалана отырып жіберуге құқылы екендігімен келісетінін растайды. Пайдаланушыға көрсетілген ақпаратты ұсыну олардың Airba FinTech Сервистерін пайдалануы үшін қажет. Егер Пайдаланушы осы тармақшаның шарттарымен келіспесе, ол Airba FinTech Сервистерін пайдаланудан бас тартуы тиіс.

6.4. Airba FinTech Пайдаланушының Airba FinTech Сервистерінің Бағдарламалық жасақтамасы мен функционалына қолжетімділігіне, оның ішінде Пайдаланушы осы Келісімді немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзған жағдайда, өз қалауы бойынша тыйым салуға құқылы.

6.5. Пайдаланушының Airba FinTech Сервистеріне қолжетімділігін тоқтатуына қарамастан, Пайдаланушының Airba FinTech-ке қатысты барлық міндеттемелері, оның ішінде Пайдаланушының қолданыстағы өтінімдері/сұраулары, сондай-ақ Airba FinTech Сервистерінің функционалы арқылы жүзеге асырылған Airba FinTech сервистеріне мен қызметтеріне қатысты кез келген басқа да сұраулар, егер Airba FinTech Пайдаланушыны осы міндеттемелерден тікелей босатпаған болса, Пайдаланушы толық орындағанға дейін күшінде қалады.

6.6. Бағдарламалық жасақтамада, Airba FinTech интернет-ресурсында немесе Airba Fintech Сервистерін пайдаланатын үшінші тұлғалардың интернет-ресурстарында қамтылған кез келген объектілер, оның ішінде дизайн элементтері, мәтін, графикалық кескіндер, иллюстрациялар, дерекқорлар және басқа да объектілер (бұдан әрі - интернет-ресурстың мазмұны) Airba FinTech немесе басқа құқық иелерінің ерекше құқықтарының объектілері болып табылады.

6.7. Бағдарламалық жасақтаманы, интернет-ресурстың мазмұнын пайдалану осы Келісімде белгіленген мақсаттарда ғана мүмкін болады. Бағдарламалық жасақтама мен интернет-ресурстарды қоса алғанда, Airba FinTech Сервистерінің ешбір элементтерін құқық иесінің алдын ала рұқсатынсыз басқаша пайдалану мүмкін емес.

6.8. Бағдарламалық жасақтамадан, интернет-ресурстан кез келген материалдарды немесе ақпаратты қолдан немесе автоматты түрде (автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалана отырып) пайдалануға, таратуға, көшіруге және/немесе алуға жол берілмейді. Ақпаратты кез келген ұқсас пайдалану, тарату, көшіру заңсыз болып табылады және Airba FinTech мұндай заңсыз әрекеттерге қарсы тұру құқығын өзіне қалдырады.

6.9. Келісім Пайдаланушы үшін осы Келісімнің 2.2.-тармағында көзделген тәртіппен болған Келісімге қосылған сәтте күшіне енеді.

6.10. Airba FinTech кез келген уақытта өз қалауы бойынша (біржақты тәртіппен) осы Келісімге өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы. Airba FinTech өзгертілген/толықтырылған Келісімнің мәтінін Airba FinTech интернет-ресурсында немесе

Airba FinTech Сервистерін пайдаланатын үшінші тұлғалардың интернет-ресурстарында орналастырады және осындай орналастыру сәтінде күшіне енеді.

6.11. Егер қандай да бір себептермен осы Келісімнің бір немесе бірнеше ережелері жарамсыз немесе заңды күші жоқ деп танылса, бұл Келісімнің қалған ережелерінің жарамдылығына немесе қолданылуына әсер етпейді.

6.12. Тараптар осы Келісім бойынша кез келген дауларды және/немесе келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешеді. Келіссөздер жүргізу мүмкін болмаған не дауларды, қайшылықтар мен келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған кезде, олар Airba FinTech орналасқан жердегі сотта Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

6.13. Осы Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

**Airba FinTech Сервистерін
пайдалану туралы Келісімге
1-қосымша**

КЕЛІСІМ

Мен, _____, ЖШН _____
(толық аты-жөні)

осы келісім арқылы:

1. Мен «Airba FinTech» ЖШС, БСН 211040004533 (далее – Airba FinTech) және «Airba Pay» ЖШС, БСН 211140016540 (бұдан әрі – Airba Pay) пайдасына, сондай-ақ қазіргі уақытта және болашақта Airba FinTech-пен және Airba Pay-мен кез келген құқықтық қатынастар мен мән-жайларды қоса алғанда және төмендегілермен шектелмей, тікелей немесе жанама байланысты тұлғалардың пайдасына өзімнің сөзсіз әрі шартсыз келісімімді (бұдан әрі – Келісім) беремін:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (БСН 940140000385);
- «Еуразиялық банк» АҚ (БСН 950240000112);
- «Центр Кредит Банкі» АҚ (БСН 980640000093);
- «Home Credit Bank» АҚ (БСН 930540000147);
- «Altyn Bank» АҚ (CHINA CITIC BANK CORPORATION LTD еншілес банкі) (БСН 980740000057)
- «Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ (БСН 090740019001);
- «First Heartland Jusan Bank» АҚ (БСН 920140000084);
- «Bereke Bank» АҚ (БСН 930740000137);
- «ФРИДОМ ФИНАНС Кредит» ЖШС микроқаржы ұйымы (БСН 190340008954);
- «МҚҰ ОнлайнКазФинанс» АҚ (БСН 160840000397);
- «Airba Marketplace» ЖШС (БСН 210940043039);
- «Airba FF» ЖШС (БСН 210840028903);
- «Airba Fresh» ЖШС (БСН 210840019439);
- «Technodom Operator» (Технодом Оператор) АҚ (БСН 121140008045);
- кез келген кредиттік бюролар, оның ішінде «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ (БСН 120940011577), «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС (БСН 040940002421);
- мемлекеттік деректер қоры (бұдан әрі – МДҚ) және олардың иелері;
- «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БСН 971240002115);
- Airba FinTech және/немесе Airba Pay қызметіне тікелей немесе жанама қатысы бар кез келген басқа тұлғалар (бұдан әрі – Үшінші тұлғалар) мыналарға құқылы:

1.1. жинау, сақтау, өңдеу, беру, оның ішінде трансшекаралық беру (оның ішінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етпейтін елдердің аумағында), кез келген көздерде, оның ішінде жалпыға қолжетімді, электрондық, қағаз және/немесе өзге де материалдық жеткізгіштерде тіркелген менің дербес деректерімнің жалпыға қолжетімді көздерінде тарату, Airba FinTech және/немесе Airba Pay және/немесе үшінші тұлғаларға белгілі болған немесе белгілі болуы мүмкін немесе олар менен және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен алған, олардың қызметін жүзеге асыру процесінде және/немесе интернет-ресурста/Сайтта

және/немесе мобильді қосымшада және/немесе Airba Pay және/немесе үшінші тұлғалардың платформаларында тіркелу кезінде Мен өз еркіммен енгізген барлық және кез келген мәліметтерді қоса алып және олармен шектелмей, кез келген, оның ішінде жалпыға қолжетімді көздерді пайдалану;

1.2. маған және менің қаржылық және мүліктік сипаттағы басқа да міндеттемелеріме қатысты болашақта келіп түсетін ақпаратты беру, оның ішінде трансшекаралық беру (оның ішінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етпейтін елдердің аумағында), сондай-ақ кредиттік бюро және өзге де ұйымдар және/немесе дереккөздерден (МДҚ қоса алғанда) кредиттік есепті алу/беру.

2. Кез келген кредиттік бюроға, оның ішінде «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ және/немесе МДҚ және/немесе МДҚ иелеріне келесі әрекеттерді орындауға келісім беремін:

2.1. дербес деректерімді жинау, өңдеу және (тікелей немесе басқа тұлғалар арқылы) Airba FinTech және/немесе Airba Pay және/немесе Үшінші тұлғаларға беру;

2.2. Мемлекеттік деректер қоры операторларынан/иелерінен мен туралы ақпарат алу;

2.3. Airba FinTech және/немесе Airba Pay және/немесе Үшінші тұлғалар мен туралы ақпаратты МДҚ, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ, басқа кредиттік бюролар, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-нан алуы.

3. Мен Airba FinTech-тің қарыз қаражатын, оның ішінде тауарлай кредит алуға/беруге берген өтінімдерімді/сұрауларымды кез келген Үшінші тұлғаларға жолдауына, сондай-ақ Airba FinTech және/немесе Airba Pay және/немесе Үшінші тұлғалардан осы Келісімде аталған мақсаттарда ақпараттық хабарламаларды алуға өз келісімімді беремін.

4. Мен осы Келісімді Airba FinTech және/немесе Airba Pay және/немесе Үшінші тұлғалар арасында бұрын, қазіргі уақытта және болашақта шарттық және өзге де кез келген құқықтық қатынастардың туындауына байланысты мақсаттарда, мыналарды қоса алғанда: тауарлай кредит беруге өтінімді өңдеу мақсатында төлем қабілеттілігімді бағалау, менің тауарлай кредит беру туралы шарттар бойынша міндеттемелерімді тиісті түрде орындауым, төлемдерді өңдеу, бірақ бұлармен шектелмей, сондай-ақ Airba FinTech және/немесе Airba Pay және/немесе Үшінші тұлғалардың қызметіне тікелей немесе жанама байланысты өзге де мақсаттарда беремін.

5. Осы арқылы төмендегілердің Келісімде көрсетілгенін растаймын:

5.1. Дербес деректерді жинау мақсаттарына сәйкес анықталған кезеңге (мерзімге) берілген;

5.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін жағдайларда немесе Airba FinTech және/немесе Airba Pay және/немесе Үшінші тұлғалар алдында орындалмаған міндеттеме болған жағдайда күшін жоюға болмайды;

5.3. Airba FinTech -ке Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді бергенімнің дәлелі ретінде Үшінші тұлғаларға ұсынылуы мүмкін.

6. Осы Келісім Airba FinTech Сервистерін пайдалану туралы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер Airba FinTech Сервистерін пайдалану туралы келісімде келтірілген анықтамаларға сәйкес түсіндіріледі.

Осы Келісімнің мәтінімен танысып шықтым, менің тарапымнан ешқандай толықтыру мен қарсылық жоқ.